

7 лекция

Сапа көрсеткіштерінің мәні және қызметі

Шығарылған өнімнің сапасына көптеген талаптар қойылады.

Бұл кез келген кәсіпорынның өміршеңдігін, оның тауарлар нарығындағы және қызмет көрсетудегі орнықты жағдайының бәсекеге жарамдылық деңгейін көрсетеді.

Өз кезегінде бәсекеге жарамдылық екі көрсеткішке байланысты – баға деңгейіне және өнімнің сапа деңгейіне. Екінші фактор бірте-бірте бірінші орынға шығады. Еңбек өнімділігі, ресурстардың барлық түрлерін үнемдеу өнімнің сапасына тікелей әсер етеді.

Өнімнің сапа деңгейі оның салалық көрсеткіштер жүйесі негізінде анықталады. Бұл деңгейді анықтау үшін әрбір көрсеткіштердің сандық маңыздылығын білу және өнімнің ұқсастық көрсеткіштерімен салыстыру қажет.

Сапаның көрсеткішін анықтау оның сандық маңызын түсіну болып табылады. Ол үшін практикада өнімнің өзіндік ерекшелігіне байланысты төмендегідей әдістер пайдаланылады:

- **өлшеуші әдіс** (аспаптар, приборлардың көмегімен);
- **тіркеу әдісі** – бұл тіркеуге және есептеуге негізделген. Тіркеу әдісі мынадай көрсеткіштермен, мысалы: қауіпсіздік, патенттік-құқықтық, стандарттау, сәйкестендірумен анықталуы мүмкін;

- **есептеу әдісі** - өнім сапасы жөніндегі көрсеткіштерді анықтау үшін арнайы математикалық үлгілерді қолдауға негізделеді;
- **органолептік әдіс** – адам мүшесін сезу-көру, есту, дәм, түйсінуді талдауды қамтиды. Табылған маңыздылықтың дәлдігі мен растылығына адамдардың біліктілігіне, дағдылығы және қабілеттілігіне байланысты;
- **әлеуметтік әдіс** - өнім, оны нақты немесе тұтынушылардың мүмкіншілігі туралы пікірлерді талдау және жинау негізінде жүзеге асырылады;
- **сапаршылық әдіс** – мамандар тобы арқылы жүзеге асырылады. Мысалы: дизайнерлер, дәм ажыратушылар.

Практикада өнімнің сапа деңгейін бағалау үшін көрсеткіштер жүйесін пайдаланады. Яғни, қорытындылау және өнімнің сапасы жөніндегі жеке көрсеткіштер қосылады.

Сапаны жинақтап қорыту көрсеткіштері жалпы салада немесе кәсіпорындарда өнім сапасының деңгейін сипаттайды. Бұл көрсеткіштерге сұрыптылығы, маркасы, жіктелімі, пайдалы заттың мазмұны, өнімнің дүниежүзілік стандартына сай үлесі т.б. жатады.

Жеке көрсеткіштер әртүрлі және олар өнімнің өзіндік ерекшелігіне байланысты.